

Анар Фазылжанова¹, Акмарал Пиязбаева^{2*}¹филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-0562-4846 E-mail: nar20@bk.ru^{2*} автор-корреспондент, докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-9180-8010 E-mail: akmaral.piyazbayeva@gmail.com**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЯТ:
КЕҢЕСТІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ**

Андатпа. Мақалада кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі тілдік жағдайдың типологиялық белгілері, тілдік ортадағы этникалық-тілдік құрылымдардың саны, этнотілдік алуантүрліліктің деңгейі, әр тілде сөйлейтін халықтың үлесі, тілдік құрылымдардың демографиялық қуаты, әр тілдік құрылымның жалпы коммуникативтік қызметтер санына қатысты жүзеге асыратын қызметтері, тілдік құрылымдардың салыстырмалы коммуникативтік қуаты, сондай-ақ тілдердің заңдық мәртебесі қарастырылады. Бір сөзбен айтқанда, тілдердің арақатынасының мемлекеттік тұрғыдан регламенттелу сипаты, тілдік жағдаятты құраушы тілдердің генетикалық жақындық деңгейі, ағымдағы тілдік жағдаятта беделді тілдің этникалық шығу тегі, социумның бірге қолданып отырған тілдерін бағалауы бойынша талданды. Ескерте кететін жайт, мақалада кеңестік кезең ретінде тәуелсіздік алған жылдан бұрынғы жиырма жылдық аралықтағы уақыт алынды. *Мақаланың өзектілігі:* Қазақстанның көпэтносты құрылымы мен мәдени әртүрлілігіне байланысты тілдік саясат елдің қоғамдық тұрақтылығына, экономикалық дамуымен қатар, мәдени құрмаласуына <лат. Integratio> да әсер етеді. Тәуелсіздік алғаннан бері тіл саясатының өзгерісі мен қазіргі тілдік жағдайды талдау бүгінгі күні өзекті болып табылады. *Жаңалығы:* зерттеу барысында кеңестік кезеңнің тілдік саясатын және оның ұзақмерзімді әсері мен салдарын тәуелсіздік кезеңімен салыстыру арқылы Қазақстандағы тілдік жағдаяттың трансформациясын көрсету, жаңа үрдіс пен трендтерді анықтау, жаңа дереккөздерін, оның ішінде соңғы зерттеулер мен статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып, қазіргі тілдік жағдаяттың әлеуметтік-тілтанымдық сипатын, ондағы қазақ тілінің рөлін, тілдік жағдаяттың болашақ даму динамикасын бағамдау. *Практикалық маңызы:* зерттеу нәтижелері тілдік саясат саласындағы ғалымдар мен мамандарға, социолінгвистерге, социологтар мен саясаттанушыларға Қазақстан Республикасының тілдік саясатын жетілдіру, мәдениаралық коммуникацияны дамыту және көптілділікті қолдау бойынша ұсыныстар жасауға көмектесуі мүмкін. Сонымен қатар білім беру жүйесі мен мәдениет саласында тіл саясатын жүзеге асыруға қатысты практикалық ұсыныстар беруге де мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Тірек сөздер: тілдік жағдаят; этнотілдік жағдаят; экзоглоссиялық сипат; эндоглоссия; автохтонды тіл; этнос**Қаржыландыру көзі:** Мақала ЖТН АР19680279 «Қазақстандағы ұлт құрылысы контекстінде қазақ тілінің қалалануы» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Фазылжанова А., Пиязбаева А. Қазақстандағы тілдік жағдаят: кеңестік және тәуелсіздік кезеңдерінің салыстырмалы талдауы. *Tiltany*, 2024. №4 (96). 116-134-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-116-134>**Анар Фазылжанова¹, Акмарал Пиязбаева^{2*}**¹кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-0562-4846 E-mail: nar20@bk.ru^{2*} автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-9180-8010 E-mail: akmaral.piyazbayeva@gmail.com**ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ:
СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СОВЕТСКОГО И НЕЗАВИСИМОГО ПЕРИОДОВ**

Аннотация. В статье рассматриваются типологические признаки языковой ситуации в советский и независимый периоды, численность этническо-языковых структур в языковой среде, уровень этнолингвистического разнообразия, доля населения, говорящего на каждом языке, демографический потенциал языковых структур, функции, выполняемые каждой языковой структурой в отношении общего числа коммуникативных услуг, а также сравнительная коммуникативная мощь языковых структур и их правовой статус. Одним словом, анализируется характер государственного регулирования соотношения языков, уровень генетической близости языков, составляющих языковую ситуацию, этническое происхождение престижного языка в текущей языковой ситуации, а также оценка языков, совместно используемых обществом. Следует отметить, что под советским периодом в статье понимается двадцатилетний промежуток времени до года обретения независимости. *Актуальность статьи:* в связи

с многоэтнической структурой и культурным разнообразием Казахстана языковая политика оказывает влияние не только на общественную стабильность и экономическое развитие страны, но и на культурную интеграцию (<лат. Integratio>). С момента обретения независимости изменения в языковой политике и анализ текущей языковой ситуации приобретают особую актуальность. *Новизна*: в ходе исследования представлена трансформация языковой ситуации в Казахстане путем сопоставления языковой политики советского периода и её долгосрочных последствий с периодом независимости. Определяются новые тенденции и тренды, анализируются новые источники, включая последние исследования и статистические данные. Оценивается социолингвистическая характеристика текущей языковой ситуации, роль казахского языка и прогнозируются возможные направления её дальнейшего развития. *Практическая значимость*: результаты исследования могут быть полезны учёным и специалистам в области языковой политики, социолингвистам, социологам и политологам для совершенствования языковой политики Республики Казахстан, развития межкультурной коммуникации и поддержки многоязычия. Кроме того, исследование предоставляет возможность выработать практические рекомендации по реализации языковой политики в системе образования и в сфере культуры.

Ключевые слова: языковая ситуация; этнолингвистическая ситуация; экзоглоссный характер; эндоглоссия; автохтонный язык; этнос

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования AP19680279 «Урбанизация казахского языка в контексте национального строительства в Казахстане».

Для цитирования: Фазылжанова А., Пиязбаева А. Языковая ситуация в Казахстане: сравнительный анализ советского и независимого периодов. *TiltanyM*, 2024. №4 (96). С. 116-134. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-116-134>

Anar Fazylzhanova¹, Akmaral Piyazbayeva^{2*}

¹Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-0562-4846 E-mail: nar20@bk.ru

^{2*}Corresponding author, doctoral student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0001-9180-8010 E-mail: akmaral.piyazbayeva@gmail.com

LINGUISTIC SITUATION IN KAZAKHSTAN: A COMPARATIVE ANALYSIS OF THE SOVIET AND INDEPENDENCE PERIODS

Abstract. The article examines the typological features of the linguistic situation in the Soviet and independence periods, the number of ethno-linguistic structures in the linguistic environment, the level of ethnolinguistic diversity, the share of the population speaking each language, the demographic potential of linguistic structures, the functions performed by each linguistic structure concerning the total number of communicative services, as well as the comparative communicative capacity of linguistic structures and their legal status. In other words, the nature of state regulation of the ratio of languages, the level of genetic proximity of the languages that make up the linguistic situation, the ethnic origin of the prestigious language in the current linguistic situation, and the assessment of the languages jointly used by society are analyzed. It should be noted that the Soviet period in the article refers to the twenty-year period before the year of independence. *Relevance of the article*: due to the multi-ethnic structure and cultural diversity of Kazakhstan, language policy affects not only the country's social stability and economic development but also cultural integration (<lat. Integratio>). Since gaining independence, changes in language policy and the analysis of the current linguistic situation have become especially relevant. *Novelty*: the study presents the transformation of the linguistic situation in Kazakhstan by comparing the language policy of the Soviet period and its long-term consequences with the period of independence. New trends and tendencies are identified, new sources are analyzed, including recent studies and statistical data. The sociolinguistic characteristics of the current linguistic situation are assessed, the role of the Kazakh language is examined, and possible directions for its further development are predicted. *Practical significance*: the results of the study can be useful to scientists and specialists in the field of language policy, sociolinguists, sociologists, and political scientists to improve the language policy of the Republic of Kazakhstan, develop intercultural communication, and support multilingualism. In addition, the study provides an opportunity to develop practical recommendations for the implementation of language policy in the education system and in the field of culture.

Keywords: linguistic situation; ethnolinguistic situation; exoglossic character; endoglossia; autochthonous language; ethnoses

Source of funding: The article was prepared within the framework of the grant project IRN AP19680279 «Urbanization of the Kazakh Language in the Context of National Construction in Kazakhstan».

For citation: Fazylzhanova, A., Piyazbaeva, A. Language Situation in Kazakhstan: A Comparative Analysis of the Soviet and Independent Periods. *TiltanyM*, 2024. No. 4 (96). P. 116-134. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-116-134>

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылатын мемлекеттік және ұлттық тіл – қазақ тілі. Қазақ тілі – ғаламшардағы 7164 мыңға

жуық тіл арасында білім беру, медиакоммуникация, басқару ісі т.б. қоғамдық салаларда қолданылатын, институционалдық тұрғыдан дамыған 486 тілдің, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған 259 тілдің санатына кірген тіл. Қазақ тілі – автохтонды тіл, халықаралық EGIDS (Lewis and Simons, 2010) шәкілі <лат. Scala> бойынша қызыл түспен белгіленгендердің қатарындағы тіл. Мұндағы халықаралық EGIDS шәкілі – дүниежүзі бойынша тілдерді өміршеңдік параметрлеріне қарай 1-10-ға дейін бағалайды. Шәкіл бойынша 1-4-ке дейінгі бағанға сөйлермен саны көп, ұрпақаралық тілдік трансмиссиясы үзілмеген, яғни демолингвистикалық ахуалы сақталған, функционалдық (салааралық) даму деңгейі жоғары, жазба дәстүрі стандартталған, әдеби нормасы бар, заңнамалық мәртебесі белгіленген, яғни қолданысы мемлекеттік тұрғыдан регламенттелген өміршең тілдер орналасады. 5-тен төменгі шәкілге жойылу қаупі бар тілдер, ал 10-шәкілге жойылып кеткен тілдер орналастырылады (<https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>). Бұл тәсіл тілдердің өміршеңдігін 12 түрлі көрсеткіш бойынша анықтайды, олардың ішінде ең маңызды көрсеткіш ретінде – ана тілінде сөйлейтін сөйлермен саны мен оны салалар бойынша қолданушылар саны алынады. EGIDS шәкілінде тілдердің өміршеңдігіне қарай сипаты түстер арқылы кодталып беріледі: *қызыл түс (EGIDA 1 National-4 Educational)* – өміршеңдік параметрлеріне жауап беретін тілдер; *күлгін түс (EGIDS 5 Developing; Dispersed)* – қолданыс аясы кеңіп келе жатқан, белсенді қолданыстағы, кейбірінің әдеби тілі нормаланған, дейтұрғанмен әлі де кең тарала қоймаған тілдер; *сары түс (EGIDS 6b-7 Shifting)* – ұрпақаралық тілдік трансмиссияның табиғи қызметінің тоқтау қаупі бар, бірақ туатын ұрпақ әлі де тілді қолдана алатын, отбасында тілдік трансмиссияны қалпына келтіру мүмкіндігі бар тілдер; *көк түс (EGIDS 8a-9 Moribund)* өліп бара жатқан тілдерді білдіреді. Бала туатын жастан асқан, тілді білетін жалғыз қолданушысы қалған тіл тілді трансмиссиялау мүмкіндігі жоқтар қатарына жатады (<https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>).

Қазақ тілі – Қазақстан бойынша сөйлермен саны – 13 768 406, оның ішінде қазақтілді қазақтардың саны – 11 861 654 адамды құрайтын (2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары), таралу аймағы кең тіл. Қазақстаннан тыс, әлем бойынша сөйлермен саны – 16 517 990 адам, оның ішінде қазақ тілін ана тілі ретінде қолданушылар саны – 16 382 990 адам; екінші тіл ретінде қолданушылар саны – 135 000 адам: ҚХР-да (1 462 588), Өзбекстанда (803 000), Ресейде (647 732), Моңғолияда (101 526), Қырғызстанда (34 122), Түркияда (10 000), Ауғанстанда тұратын қазақтардың да тілі (<https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>). ТМД кеңістігіндегі экономикалық одақтарда ресми тіл ретінде бекітілген халықаралық қатынастар тілі. Қазақстан Республикасы территориясындағы өзге этностар қолданатын мәдениетаралық коммуникация тілі. Елімізде қазақ тілінде сөйлейтін диаспора өкілдері саны артып келеді. Ресми мәлімет бойынша, түркітілдес диаспора өкілінің 95%-ы қазақ тілін сөйлеу деңгейінде, ал 12%-ы оқып, жаза алатын жоғары деңгейде меңгергені расталды. Славян диаспорасы ішінде 24%-ы ауызекі тілін түсінеді, оқып, жаза білетіндер үлесі – 3%-ды құрайды (2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары).

Тілдің саяси-құқықтық статусының болуы, тіл саясаты мен тіл өміршеңдігі параметрлерінің толықтығы ұлттық тілдегі коммуникация сапасына тікелей әсер ететін маңызды экстралингвистикалық түрткіжайт <factor> болып табылады. Әлеуметтік тілтанушылар кеңестік кезеңде Қазақстанда теңгерімсіз, диглостық, демографиялық жағынан әркелкі экзоглостық тілдік жағдаят орныққанын дәлелдеді (Словарь социоллингвистических терминов, 2002). Экзоглостық тілдік жағдаятқа ғалымдар түрлі анықтама береді, бірақ, сайып келгенде, олардың барлығы оның ортақ белгісі ретінде донор және реципиент тіл арасындағы қызметтері айырмаланған, теңгерімсіз қатынасты көрсетеді (Földes, Zur Begrifflichkeit, 1999). Ескерте кететін жайт, экзоглостық тілдік жағдаятта донор тіл әдетте этномәдени тілдік қауымдастық территориясына сырттан келген, ал реципиент жергілікті тіл болып келеді (Кобенко, 2010). Соңғы зерттеулер Қазақстанда бұл жағдаяттың бірте-бірте эндоглостық сипатқа бетбұрғанын көрсетіп отыр (Фазылжанова, 2020). Бұған қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, оның саяси, демографиялық, құқықтық-нормативтік және ғылыми-лингвистикалық базасының күшеюі түрткі болды.

Зерттеу жұмысында кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі тілдік жағдаятты

типологиялық белгілері бойынша салыстыруға талпыныс жасалды. Ескерте кететін жайт, мұнда кеңестік кезең ретінде тәуелсіздік алған жылдан бұрынғы жиырма жылдық аралықтағы уақыт алынды, оған себеп: Кеңестік кезеңде КСРО құрамына енген республикалардың халқына деректер саяси т.б. жағдайларға байланысты бұрмаланды. Ең алғашқы Бүкілодақтық халық санағы 1926 жылы өтті. Мұнда этнотілдік көрсеткіштер бойынша берілген мәліметтер кейінгі санақ деректерімен салыстыруға келмейді, санақтың қорытынды нәтижесінде КСРО құрамында 194 этнос деп көрсетеді (Беликов, 1997), кейінгі санақтармен салыстырғанда бұл сандық деректер әлдеқайда көп. Келесі халық санағы (1937 ж. 6 қаңтар) материалдарының басым бөлігі жоғалып кеткен. Сол себепті 1937 жылғы қыркүйек айында СНК (Халық комиссарлар кеңесі) шешімімен «жарамсыз» деп танылды, санақты ұйымдастырушылардың көбі репрессияланды. Ғалымдардың айтуынша, ВКПб-ның (Бүкілодақтық коммунистік партия (большевиктер) XVII съезінде И. Сталин 1933 жылдың соңында Кеңес Одағында 168 млн халық тұрады десе, үш жылдан соң өткізілген санақта тек 162 млн адам ғана тіркелген. Одан кейін жүргізілген халық санағының нәтижелеріне (1939 ж. 17 қаңтар) билік толық қанағаттанбады, сондықтан оның деректері бірнеше рет түзетілді (Жиромская, 1991), ал материалдары ресми түрде жарияланған жоқ. Соңғы санақтар сенімсіз, өйткені одақ бойынша деректерді өңдеу барысында НКВД (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ішкі істер халық комиссариаты) органдары жазып алған «арнайы контингент» қайта бөлінді, сондай-ақ әскери қызметшілер де есепке алынды. Халық санағында әскери қызметшілердің саны 2 107 822 адамды құрады, бұл ресми жарияланған 1,3 миллион адам санынан 60 пайыздан астамға артық болды (Беликов, 1997). Этнограф және лингвист ғалымдар үшін бұл халық санағы деректерінің ең сорақылығы сонда – азсанды халықтар деректерінің мұқият жасырылуы. Бұдан кейінгі 1979 жылғы халық санағының деректері жалпы алғанда сенімді, бірақ олар толық түрде ашық қолданыста болмады, тек жалпы ақпараты ғана жаппай жарияланды (Население СССР: По данным Всесоюзной переписи населения 1979 года, 1980), дегенмен де 1979 жылғы деректер 1989 жылғы халық санағы деректерімен салыстыруда түрлі жарияланымдарда жиі пайдаланылады. 1959-1970 жылдар аралығында жүргізілген халық санағы «фактілік» тұрғындар санына қатысты жүргізілді, яғни халық санағы өткізілген уақытта болған адамдарды ғана қамтыды. Ал 1979-1989 жылғы санақтарда тұрақты тұратын халық санына жасалды, бұған халық санағы кезінде 6 айдан аспайтын уақыт, уақытша болмаған адамдар да кірді. Жоғарыдағылармен салыстырғанда 1989 жылғы халық санағы әлдеқайда дұрыс болды. Осыған байланысты бұл зерттеуде кеңестік кезеңнің тәуелсіздік алған жылдан бұрынғы жиырма жылдық аралығы салыстыру нысанына алынды.

Материал және әдістер

Зерттеуде Қазақстандағы тілдік жағдаятқа әсер ететін түрткіжайттар: тілдің мәртебесі, сөйлермен саны, тілдің әлеуметтік-қоғамдық функциялары сияқты белгілерімен қоса, тілдік жағдаяттың типологиялық белгілерін кеңестік кезеңмен салыстыра отырып талдау мақсатында бірнеше әдіс-тәсіл қолданылды. Атап айтқанда:

- *әлеуметтік-тілтанымдық салыстырмалы әдіс*: кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі тілдік жағдаятты құрайтын тілдік құрылымдарды, яғни оның тілдік алуантүрлілік деңгейін; әр тілде сөйлейтін халықтың үлесін, яғни тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің демографиялық қуатын; тілдердің атқаратын барлық коммуникативтік қызмет түрінің жалпы санына шаққандағы әрбір тілдік құрылым жүзеге асыратын коммуникативтік қызмет санын, яғни тілдік құрылымдардың салыстырмалы коммуникативтік қуатын; тілдердің заңнамалық-құқықтық мәртебесін; тілдік жағдаятты құраушы тілдердің генетикалық жақындық деңгейін; ағымдағы тілдік жағдаятта беделді тілдің автохтонды, яғни жергілікті халықтың ана тілі немесе импортталған тілін; этникалық шығу тегін т.б. сияқты социумның бірге қолданып отырған тілдерді бағалауын салыстыра зерттеу арқылы алуан түрлі деректер анықталды;

- *статистикалық әдіс*: Кеңес Одағы кезеңіндегі 1989 жылғы халық санағы мен 2021 жылғы халық санағы салыстырылып, тілдерді меңгеру деңгейі, демографиялық т.б. сияқты статистикалық мәліметтер қолданылды;

- *контент-талдау әдісі*: әртүрлі медиа, ғылыми және мемлекеттік құжаттарда берілген

тілдік саясат пен мәдениеттің көріністері туралы ақпарат жинақталып, салыстырылды;

- *тарихи әдіс*: кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі тілдік өзгерістердің тарихи контексті қаралды;

- *әлеуметтік-тілтанымдық зерттеу*: Қазақстандағы тілдік жағдаяттар диахронды және синхронды кесінділерде оны құрайтын компоненттері бойынша талданды.

Аталған әдіс-тәсілдердің көмегімен кеңестік дәуірдің соңғы кезеңдеріндегі тілдік жағдаят компоненттерінің қазіргі тілдік жағдаяттағы трансформация ерекшеліктерін анықтауға талпыныс жасалды.

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстандағы тілдік жағдаятқа қатысты әдебиеттер, нормативті құжаттар, ғылыми мақалалар, статистикалық деректер мен сауалнама нәтижелері қолданылды. Тіл саясаты мен оның дамуындағы тарихи контексті түсіну үшін кеңестік кезең мен тәуелсіздік кезеңдегі тілді реттеу актілері қаралды.

Әдебиетке шолу

Қазіргі кезде қоғам санасында қазақ тілінің беделі артып келеді, тәуелсіздікке дейін оның дамуын тежеген түрткіжайттар болды: кеңестік кезеңде қазақ тіліне қарсы жасалған лингвоцидке жақын саясаттың әсері қазақ тілінің донор тілге арқа сүйеп кету, калька тілге айналу қаупін тудырды. Біршама отандық ғалымдар Қазақстандағы тілдік жағдаятқа, тілдік жоспарлауға, тілдік саясатқа т.б. қатысты қоғамға өзекті тақырыптарда ғылыми-көпшілік, әлеуметтік-тілтанымдық зерттеулер жүргізді. Этнотілдік үдерістерді А. Алтынбекова, тілдік таңдау, тілдік жылжу, тілдік трансмиссия, тілдік корреляция, тілдік жағдаят, Қазақстандағы орыс тілінің жағдайы т.б. жайында белгілі социолингвист ғалым Э.Д. Сулейменова ғылыми-көпшілік еңбектер жазып келеді. Ж.С. Смагулова тілдік жоспарлаудың типологиялық ерекшеліктері мен модельдерін, Е. Хасенов социолингвистикалық зерттеулермен қоса, қалалану үдерісінің метатілін анықтап берді. Отандық тілтанымдық ғылымда бұдан бөлек: З. Ахметжанованың, М. Исаевтың, А. Қайдаровтың, Ж. Смагулованың, Б. Хасановтың, Н. Шаймерденованың, А.М. Досанованың, Д. Насиловтың, Д. Аманжолованың, А. Алдабергенқызының, Г. Қойшыбаеваның т.б. зерттеулерін ерекше атап өтуге болады.

Шетелдік ғылыми аренада әлеуметтік лингвистиканың негізін қалаушылар: У. Лабов (АҚШ) пен Б. Бернштейннің (Ұлыбритания) 1960-жылдардағы алғашқы еңбектерін атауға болады. У. Стюарт пен Х. Клосс плюрицентристік тілдердің социолингвистикалық теориясының негізгі концепцияларын ұсынды. Д. Хаймс этнографияға негізделген социолингвистикалық зерттеулерді ілгерілетті.

Зерттеудің жазылуына атап өткен ғалымдардың еңбектерімен қоса А. Алексеенконың «Казахстан в зеркале переписей населения», В. Алпатовтың «Проблемы двуязычия и языков национальных меньшинств», М. Аренов пен М. Калмыковтың «Современная языковая ситуация в РК по результатам социологического исследования», В.И. Беликовтың «Надежность советских этнодемографических данных» атты және т.б. еңбектері арқау болды.

Салыстыру және талдау үшін материал ретінде халық санағының деректері, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің материалдары алынды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан – 130 этнос өкілдері тұратын полиэтникалық мемлекет. Тіл – тек маңызды коммуникация құралы ғана емес, мәдениеттің құраушысы, мәдениеттер арасындағы диалогтің құралы болғандықтан, елімізде күрделі этнотілдік жағдаят қалыптасқан. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде тілдік жағдаятқа: «тілдің/тілдердің қоғамда нақты қолданылуы; нақты бір тарихи кезеңдегі белгілі бір аумақтық-әкімшілік құрылымда (этникалық қауымдастықта) қолданылатын тілдің өмір сүру формаларының, аумақтық және әлеуметтік диалектілердің койне мен жаргондардың жиынтығы», – деген анықтама берілген (Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі, 2020). Тілдік жағдаят компоненттерінің сипатына қарай классификацияланады. А.Д. Швейцар мен Л.Б. Никольский тілдік жағдаятты типологиялық ерекшеліктеріне қарай экзоглосты және эндоглосты деп екіге бөледі (Швейцар, Никольский, 1978). Экзоглосты, эндоглосты тілдік жағдаят та тілдердің функционалды компоненттерінің тең не тең болмауына байланысты теңгерімді және теңгерімсіз болып ажырайды. Қазіргі таңда тілдік

жағдаяттарды анықтайтын типологиялық белгілер қалыптасып үлгерді. Профессор Э.Д. Сулейменованың айтуынша, Қазақстандағы тілдік жағдаяттың қалыптасуына, ең алдымен, қазақтардың Ресей империясының құрамына кіруі (1731-1865); Кеңес үкіметі орнағанша және одан кейінгі кезеңдердегі мемлекеттік-саяси құрылым; тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы, оның экономикасындағы өзгерістер, жаңа бетбұрыстар мен басқа сыртқы-ішкі түрткіжайттар әсер етті (Сулейменова, 2009).

Төменде Қазақстандағы кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердегі тілдік жағдаятты құрайтын тілдік құрылымдардың белгілерін донор және рецепиент тіл тұрғысынан талдадық.

Тілдік жағдаяттың типологиялық белгілері

1) тілдік жағдаятты құрайтын тілдік құрылымдар, яғни оның тілдік алуантүрлілік деңгейі (біз бұны донор және рецепиент тіл тұрғысынан талдадық)

Кеңестік кезең типі

Көпкомпонентті, оның ішінде *экзоглоты* жүйеде орыс тілі бөгде тіл ретінде кеңінен қолданылып, жергілікті халықтың тілі – қазақ тілінің дамуын тежеп, шектеуде. Қазақ тілі рецепиент тіл қызметін, ал орыс тілі донор тіл қызметін атқара бастады. Сол себепті қазақ тілінің жүйесінде орыс тілінен енген немесе оның ықпалымен қалыптасқан кірме сөздер мен құбылыстардың саны артты.

Тәуелсіздік кезең типі

Көпкомпонентті, оның ішінде *эндоглотияға* жақындаған *экзоглотия*: бөгде тіл жергілікті тілдің дамуына әлі де әсер етеді, алайда рецепиент тілде өз ресурсымен қалыптасқан жаңартапаның көбею үрдісі күшті. Тағы бір ерекшелік: әдетте өзі еш өзгеріске түспей, рецепиент тілдің өзгерістеріне себепші болып келген суперстрат донор тіл, яғни орыс тілінің жергілікті тілдің әсеріне түскен Қазақстандағы аймақтық ерекшелігі қалыптаса бастады (Сулейменова, Аканова, Аймагамбетова, 2021). Бұл, профессор Э. Сулейменованың айтуынша, орыс тілінің плюроэзектік (плюроцентристік) тілдер қатарына енгенінің тағы бір дәлелі бола алады (Сулейменова, Аканова, Аймагамбетова, 2021).

Қазақстан территориясында кеңестік кезеңде қалыптасқан алуан түрлі этнотілдік жағдаят бүгінгі күнде де сақталып отыр. Кеңестік кезеңде негізінен генетикалық жағынан бір топқа жататын түркілік тіл референттерінен құралған этнотілдік жағдаят өзге тілдік топқа жататын гетерогенді тілдердің референттерімен күрделенді. Бұл Кеңестік идеология мен саясаттың тікелей әсерінің нәтижесінде қалыптасты. Әлеуметтік тілтанушылардың анықтауынша, Қазақстандағы көпкомпонентті тілдік жағдаяттың орнығуына кеңестік кезеңдегі мынадай саяси үдерістер әсер етті:

- Столыпиннің аграрлық реформасы кезінде қазақтардың жалпы жер учаскесінің 30%-ы күштеп тартып алынды, қазақтар отырған орнынан басқа жаққа көшірілді, кейбірі жер аударылды. Үкімет Қазақстан жерін Ресейден, Украинадан көшірілген халықпен толтырды, салдарында елдің солтүстік-батысында, солтүстігінде, шығысында және оңтүстік-шығысында көпсанды славян этникалық топтары қалыптасты;

- республика халқын 2,4 есеге азайтқан, қазақ ұлты санын 1966 жылға дейін өз аумағында этникалық азсанды халық болуға душар еткен 1921-1923, 1929-1933 жылғы аштық – демографиялық апат;

- екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың депортациясы;

- соғыс кезінде және соғыстан кейінгі кезде Кеңес Одағы басқа республикалардан халықты эвакуациялауы, миграциялық ағындар, этникалық депортация және өнеркәсіпке жұмыс күшін тарту;

- тың және тыңайған жерлерді игеру саясатымен Кеңес Одағындағы басқа республика-

лардан Қазақстанға жұмысшы-шаруа кадрларды қоныстандырды. Бұл ел тұрғындарының сапалық және сандық құрамын түбегейлі өзгеріске ұшыратты, елдегі қазақ халқы санының 30%-ға азаюына, орыс этносы үлес салмағының 19,9%-дан 42,6%-ға дейін ұлғаюына әкелді;

- 1970-1979 жылдардағы халықтың жаппай көші-қоны қазақтардың теріс миграциялық сальдосы 1979-1989 жылдардағы миграциядан – 2,2 есе, ал орыстарда – 1,9 есе өсіп кетуіне себеп болды;

- тәуелсіздік жылдарында орыс-славян және неміс халқының тарихи отанына қайта оралуы, екі миллионнан астам орыс және жарты миллион немістің көшіп кетуі – елдегі халық саны мен олардың үлесінің төмендеуіне себеп болды;

- КСРО құрамынан шығып, ТМД құрамына кіру геосаяси өзгерістерге, мемлекеттік идеяның, оның ішінде, қоғамдық өмір мен мемлекеттік-саяси құрылымдағы этноұлттық элементтің рөлінің өзгеруіне себеп болды және этникалық тілдер мен мәдениеттерді қайта жаңғыртуға деген ұмтылысты туындатты (Темирова, 2010).

Қазіргі кезде Қазақстан территориясындағы этнос саны, құрамы мен олардың жалпы халық санындағы үлестері өзгерді, бұған тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңдегі эмиграциялық, ішкі, сыртқы миграциялық және репатриациялық үдерістер әсер етті:

- *эмиграция* Қазақстан территориясындағы халықтың жалпы санына елеулі әсер етті. «Екі миллионнан астам орыс және жарты миллион неміс этносы көшіп кетті, бұл жағдай республикадағы халық саны мен еліміздегі осы ұлттардың үлесін төмендетті: 1989 жылы халық саны 17-17,5 миллионнан 1999 жылы 14,9 миллионға дейін азайды. Немістер 63,0%-ға, украиндар 38%-ға, белорустар 37%-ға, орыстар 26,6%-ға, татарлар 22%-ға, поляктар 21,1%-ға, әзірбайжандар 13,1%-ға кеміді, сондай-ақ басқа этностардың да саны азайды» (Алексеев, 2008). Эмигранттардың 50%-дан астамы Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарынан кеткені анықталды. 2002 жылдан бастап сыртқы көші-қон негізінен халық санының азаюына себеп болды. 2001-2017 жылдар аралығында көші-қонның теріс сальдосы 108,2 мың адамды құрады. Мұндай серпін өзінің тарихи отанына оралған қазақ-репатрианттар санының азаюымен түсіндіріледі. Қалай болғанмен де бұл үдерістер қазақтілділердің үлес санын кеміткен жоқ, керісінше, көбейтті;

- *сыртқы және ішкі миграция* да ел территориясындағы жалпы және өңірлік этнотілдік құрылымдар құрамын өзгертті. Мәселен, сыртқы миграция эмиграцияның салдарын тоқтату үшін күшейе түсті, елден кеткен еңбек ресурсын қалпына келтіру, кәсіпорын, компаниялардың өнімділігін арттыру үшін инновациялық және технологиялық тұрғыдан күрделі жұмыс түрін орындай алатын білікті шетелдік жұмыс күшін тартуға мәжбүр етті. Бұл ретте шетелден тартылатын маманның 40%-ы техникалық бейіндегі қызметкер, негізінен инженер болды. 1993 жылдан бастап шетелдік қызметкерлер тартуға квоталау рәсімі енгізілді, бұл сол жылы шамамен 2,1 мың адамның келуіне жағдай жасады, ал 2017 жылы 41,7 мың адамға осындай рұқсат берілді (Россия и современный мир, 1999). Бұған шекаралас мемлекеттерден шақырусыз келген еңбек мигранттарын қосуға болады. Шетелден келген мигранттардың тілдік портреті туралы статистикалық деректер нақты емес, дегенмен олар түрік, ағылшын, орыс, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, тәжік тілдерінің иелмендері екені белгілі. Эмиграция белсенді болған аймақтарда сыртқы миграция күшті болмаған себепті өңірлерде теңгерімсіз демографиялық жағдай қалыптасты, Шығыс және Орталық Қазақстаннан көшіп кеткендердің орны емес, тұрғыны миллион санды Алматы, Шымкент, Астана сияқты ірі қалалар халқы көбейіп отырды. Дегенмен ішкі миграция қазақтардың қалалануына себепші болды. Ұлттық экономика министрлігінің соңғы мәліметтеріне сәйкес, «қалаға қоныс аударатын ауыл тұрғындарының үлесі жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2019 жылы ауылдан қалаға 55,3% (273,5 мың адам), 2020 жылы 59,3% (218,2 мың адам), ал 2021 жылы 63,2% (195,7 мың адам) көшті. Сонымен қатар қаладан ауылға көшетіндер саны 2019 жылы 33,0%-дан (201,1 мың адам) 2021 жылы 27,0%-ға (119,2 мың адам) дейін төмендеді» (Halyq Uni электронды порталы, 2023). Бұл деректер Қазақстандағы қалалану үрдісінің белсенділігін көрсетеді. 2017 жылы өңіраралық көші-қон нәтижесінде қалаларға келгендер саны 234,1 мың, ал қаладан кеткендер саны 218,3 мың адам болған (Бодаухан, Садвақасова, 2020);

- *иммиграция*, XIX ғасырдың соңынан (1897 жылғы халық санағы) XX ғасырдың соңына (1989 жылғы халық санағы) дейін Қазақстандағы халық санының динамикасында негізгі этникалық құрылым орыстар болғаны байқалады. Осы кезеңде олардың саны 11,2 есе, ал қазақтардың саны 1,8 есе өсті, яғни орыстардың өсім жылдамдығы 6,2 есе жоғары болды. 50-60-жылдары олардың саны максимумға дейін жетті, ал қазақтар, керісінше, минималды деңгейге дейін азайды. Ең белсенді иммиграция 1939-1970 жылдар аралығында болды. Қазақстандағы орыстардың көбі 80-жылдардың аяғында келді (Алексеев, 2008). Кейінгі жылдары елдегі демографиялық жағдайды қазақтар анықтай бастады, титулдық халықтың үлесі 50%-межеге тәуелсіздіктің алғашқы он жылында жетті. Елімізге 1989-2005 жылдар аралығында жалпы саны 717745 иммигрант келді, олардың арасында қазақтардың үлесі 54,9%-ы құрады. Бұл көрсеткіш жыл сайын біртіндеп артып отырды: 1989-1998 жылдары 53,4% болса, 2003-2005 жылдары 78,0%-ға жетті. Осылайша, иммиграцияның этникалық ерекшелігі айқындала бастады, ол барған сайын қазақылана түсті. Иммигранттарды ғылыми тілде «репатрианттар», «қандастар» деп те атайды;

- *репатриация*, қандастардың тарихи отанына оралуы да тілдік жағдаяттағы тілдік құрылымдардың үлес салмағын айтарлықтай өзгертті. XX ғасырдың 90-жылдары басталған қазақтардың Қазақстанға жаппай оралу толқыны XXI ғасырдың 20-жылдары құлдырады, дегенмен елге оралған қандастардың демографиялық үлесінің арқасында тәуелсіздік жылдары көші-қонның теріс сальдосының деңгейін 28%-ға төмендетуге қол жеткізілді, сонымен бірге қазақтілді этноұжымның үлес салмағы артты. Келген оралмандардың көпшілігі солтүстік өңірлердің теріс сальдосын ұлғайта отырып, Астана мен Алматы қалаларын және оңтүстік өңірлерді тұрғылықты жері ретінде таңдады.

Жоғарыда келтірілген деректер талдамы нәтижесінде тілдік құрылымдар, яғни тілдік алуантүрлілік деңгейі бойынша қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаят кеңестік кезеңдегідей көпкомпонентті әрі экzogлоссиялық сипатын сақтағанымен, эндоглоссияға ойысу үдерістерімен ерекшеленіп отыр деген қорытынды жасауға болады;

2) *тілдік жағдаятты құрайтын этникалық тілдік құрылымдар саны, яғни тілдік жағдаяттың этнотілдік алуантүрлілік деңгейі*

Кеңестік кезең типі

Этникалық жағынан көпкомпонентті, оның ішінде көптілді:

- орыс тілі (КСРО-ның ресми тілі);
- қазақ тілі (жергілікті ұлттық тіл);
- депортацияланған және басқа этнос тілдері (олардың саны территориядағы халық санының 5\1 құрады).

Тәуелсіздік кезең типі

Этникалық тұрғыдан көпкомпонентті және көптілді:

- қазақ тілі (мемлекеттік, ұлттық, автохтонды тіл);
- орыс тілі (көпсанды диаспораның тілі, ресми қатынастарда заңнамада бекітілген тіл);
- ағылшын тілі (әлемдік деңгейдегі халықаралық тіл, заңнамада бекітілмеген);
- басқа этнос тілдері (аз санды диаспоралар мен миноритарлы ұлт тілдері).

Этникалық тілдік құрылымдар саны кеңестік кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ, бірақ олардың жалпы халық санына шаққандағы үлесі өзгерді, бір диаспораның саны артса, екіншілері азайды. Бұл үдеріс тәуелсіздік алғаннан кейін үздіксіз жүріп жатыр. 2021 жылғы халық санағының қорытындылары Республикада 130 этнос пен диаспора өкілдері – 19 186 015 адам тұратынын көрсетті, оның ішінде көпсандысы тек – 7 этнос, халықтың ең көп үлесін құрайтын екі этнос: қазақтар – 70,4%, орыстар – 15,5%. Қалған 14,2% үлесті өзге этностар мен этникалық топтар құрап отыр: 3,6% – өзбектер, 2,0% – украиндар, 1,5% – ұйғырлар, 1,2% – немістер, 1,1% – татарлар, 0,8% – әзірбайжандар, 0,6% – кәрістер, 0,5% – түріктер, 0,4% – дүнгендер, 0,4% – белорустар, 0,3% – тәжіктер, 0,3% – күрдтер, 0,2% – поляктар, 0,2% – қырғыздар, 0,5 – шешендер, 1,4% – басқа халықтар (Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрамы, діни наным және тілдерді меңгеруі, 2023).

Тілдік жағдаятты құрайтын этникалық тілдік құрылымдар санының өзгеріс динамикасын анық көрсету мақсатында төменде Қазақстанда болған соңғы екі халық санағының нәтижелерін бердік.

Кесте 1 – 1989 жылғы және 2021 жылғы халық санағының қысқаша қорытындылары

Таблица 1 – Краткие итоги переписей населения 1989 и 2021 годов

Table 1 – Summary of the 1989 and 2021 population censuses

1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы		2021 жылғы халық санағы	
Қазақстандағы барлық халықтың саны – 16 536 мың адам		Қазақстан Республикасындағы барлық халықтың саны – 19 186 015 мың адам	
<i>этностар</i>	<i>саны (мың адам)</i>	<i>этностар</i>	<i>саны (мың адам)</i>
қазақ	6496,9 (39,7%)	қазақ	13 497,9 (70,4%)
орыс	6227,5 (37,8%)	орыс	2 981,9 (15,5%)
украин	896,7 (5,4%)	украин	387,3 (2%)
неміс	957,5 (5,8%)	неміс	226,1 (1,2%)
белорус	182,6 (1,1%)	белорус	76,5 (0,4%)
татар	320,7 (2%)	татар	218,6 (1,1%)
өзбек	331 (2,7%)	өзбек	614 (3,6%)
ұйғыр	181,5 (1,1%)	ұйғыр	290 (1,5%)
әзірбайжан	90,1 (0,6%)	әзірбайжан	145,6 (0,8%)
кәріс	103,3 (0,6%)	кәріс	118,5 (0,6%)
басқа ұлттар	3,80%)	басқа ұлттар	264 111 1,4%

Кестеде көрсетілген түркілік емес диаспора санының жалпы халық санына шаққандағы үлесі 1989 жылмен салыстырғанда 2021 жылы шамамен 30,6%-ға кемісе (1989 жылы олар халықтың – 50,3%, 2021 жылы – 19,7% үлесін құрады), түркітілдес диаспора санының үлесі 1,3%-ға арта түскен (1989 жылы олар халықтың 5,7%, ал 2021 жылы 7% үлесін құрады). Сонда соңғы жылдары қазақ ұлтын қосқанда Қазақстанда тұратын халықтың жалпы санына шаққанда шамамен 80%-ға жуығы түркітілдес этнос өкілі болып отыр. Бұл үдеріс үздіксіз жүргені 2009 жылғы санақ деректерімен салыстырғанда да аңғарылады: 2009 жылмен салыстырғанда қазақ ұлтының үлесі – 7,3%-ға, өзбектер – 0,3%-ға, ұйғырлар – 0,1%-ға, әзербайжандар саны – 0,3%-ға артқан, ал орыстардың үлесі – 8,2%-ға, украиндардың – 0,1%-ға кеміген, демек кеңестік кезеңмен салыстырғанда Қазақстанда этнотілдік алуантүрлілікке қарамастан, түркітілдес халықтардың үлесі артып, славянтілдіс халық өкілдерінің саны азайған. Бұл елдегі тілдік жағдаятқа әсер ететіні анық, себебі бұл жағдайда кеңестік кезеңнен бері Қазақстанда басым болған орыс тілінде сөйлеушілердің үлесі азайып, туыстық жағынан жақын болғандықтан, түркітілдес диаспора өкілдері есебінен қазақ тілінде сөйлеуші және қазақ сөзін түсінуші саны арта түсетіні заңды;

3) *әр тілде сөйлейтін халықтың үлесі, яғни тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің демографиялық қуаты*

Кеңестік кезең типі

Демографиялық тұрғыдан теңгерімсіз: орыстілділер саны қазақтілділерден көп, әрі олардың әлеуметтік беделі жоғары. Мысалы, 1986 жылы қазақтардың елдегі жалпы үлесі – 39,7%, орыстардың үлесі – 37,8%-ды құрады. 1989 жылғы көрсеткіштер бойынша қазақтардың 63%-ы орыс тілінде еркін сөйлесе алатын болған, олардың ішінде ана тілін білмейтін қала қазақтарының саны 30%-

Тәуелсіздік кезең типі

Демографиялық тұрғыдан теңгерімсізден теңгерімді сипатқа өту кезеңінде: орыстілділер саны қазақтілділерден көп болғанымен, қазақтілділер саны тұрақты артып, олардың әлеуметтік беделі тұрақты жоғарылап келеді. Мәселен, 2021 жылғы санақтың бастапқы қорытындысы бойынша елдегі қазақ ұлтының үлесі 70,4%-ды (2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары), орыс этносының үлесі 15,5%-ды (Смайылов, 2010) құрады. 2009

ды құраған (Алексеев, 2000). Халықтың 23%-ға жуық қалған бөлігін құраған этнос өкілдері өз ана тілдері мен қазақ тілін білгенімен, ресми коммуникацияда орыс тілін қолданды. Отбасында ұрпақаралық тілдік трансмиссия әлсіреді: әсіресе қалалық жерде алдыңғы ұрпақ тек қазақ тілінде, орта буын қазақ орыс тілінде, жас ұрпақ тек орыс тілінде сөйлейтін отбасылар қалыптасты (Сүлейменова, 2016). Демек доминант тілдің демографиялық қуаты реципиент тілден бірнеше есе артық болды.

жылғы санақ халықтың 94,4% орыс тілінде, 74% қазақ тілінде жазып-сыза алатынын (Сүлейменова, 2018), 2017 жылғы жеке зерттеу қазақтілді сөйлермен саны артып, халық үлесінің 82%-ын құрағанын және халықтың 20%-ы қазақ-орыс-ағылшын үштілді қатар меңгергенін көрсетті (ranking.kz электронды портал).

Тілдік жағдаятты құрайтын тілдердің демографиялық қуаты – қандай да бір диалектіде немесе тілде сөйлейтіндердің саны. Тілдің демографиялық қуаты – тіл өміршеңдігінің басты көрсеткіші болмаса да, оның болашағын анықтайтын маңызды түрткіжайт (Словарь социолінгвистических терминов, 2006).

Қазақстандағы тілдік жағдаятқа әсер еткен демографиялық дамудың негізгі тенденциялары совет кезеңінде совет үкіметі орнауынан әлдеқайда бұрын қалыптаса бастады. Қазақстан халқының этнодемографиялық дамуының кезеңдері мен этаптары XVIII ғасырдың 20-30 жылдарынан бүгінгі күнге дейін тарихы терең. Бұл үдерісті, біздің ойымызша, төрт кезеңге бөліп қарауға болады:

I кезең – отаршылдық кезеңі. 1730 жылдардан 1917 жылға дейін – қазақтар өздерінің тарихи территориясында басым көпшілік болып тұрған кез, яғни этнодемографиялық, әлеуметтік даму және миграциялық процестер эндогендік негізде, яғни колониялық аймақтағы негізгі демографиялық сипаттамалар, төрт казак әскері (Оренбург, Сібір, Урал және Жетісу) қалыптасуына қарамастан, негізінен қазақ халқымен анықталды;

II кезең – отаршылдықтан кейінгі совет кезеңінің басы. 1926 жылғы халық санағы материалдары бойынша қазақ этносының саны. 20-шы жылдардың ортасында қазақтардың саны туралы пікірлер біркелкі емес (халық санағы бойынша – 3628 мың адам). Я. Винник, С.И. Брук, В.И. Козлов халық санағының мәліметтерін асыра көрсетілген, себебі бұл статистикалық көрсеткіштерге қазақтармен қатар басқа түркі тілдес топтардың өкілдері де қосылып кіріп кеткен деген пікір айтады. Басқалар (негізінен қазақстандық ғалымдар) – кемітілген деп санайды. Осы халық санағында есепке алынбаған қазақтардың пайыздық үлесі әлі де анықталмаған. А.Б. Ғалиев пен М.Х. Асылбековтың пікірінше, есепке алынбағандар 4-5% болса, М.Б. Татимов – 6,7% немесе тіпті 15% көшпелі және 20% жартылай көшпелі халықты құрауы мүмкін, – деген болжам айтады (Абылхожин, Козыбаев, Татимов, 1989). Қазақстан зерттеушілерінің, әсіресе, белгілі демограф М.Б. Татимовтың келтірген мәліметтері бойынша 1926 жылы санаққа балалар, оның ішінде сәбилер мен әйелдер тіркелмеген. Оның себебі: қалыңмал беріп, көп әйел алуға тыйым салынғандықтан, отбасы тарапынан мәжбүрлі түрде, не болмаса өз келісімімен екінші-үшінші әйелдікке кеткен қыздар санақ кезінде жасырынып қалған. Одан бөлек жастар арасында бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегідей күштеп ауыр жұмысқа жегілуден қорқып, жігіттер де жасырынған. Сонымен қатар санақтың ақиқат өтуіне аймақтың әкімшілік-аумақтық құрылымының күрделілігі мен көшпелі және жартылай көшпелі халықтың шашыраңқы отыруы да себеп болды (Абылхожин, Козыбаев, Татимов, 1989);

III кезең – совет кезеңі, 1917 жылдан 1991 жылға дейін. XX ғасырда Қазақстанда аграрлық елден индустриалды елге айналдыру стратегиясы қарқынды жүрді, оның себебі Кеңес Одағы үшін Қазақстанның өндірістік және шикізат базасы ретіндегі рөлі күшті болды. Осы мақсатта ауыл шаруашылығын қайта құру жоспарланып, өңірдің пайдалы қазбалары мен энергетикалық ресурстарын шаруашылық айналымына тартуға бағытталған шаралар белгіленді. Экономиканың қарқынды дамуы тұрақты еңбек күші ағынына мұқтаж болды. Еңбек ресурсы мәселесі, бір

жағынан, қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салтын бұзып, ұжымдастыру арқылы жүзеге асты. Екінші жағынан, миграциялық саясатты белсенді жүргізу және ГУЛАГ жүйесіне бағынған түрлі құрылымдарды ұйымдастыру, арнайы еңбек қоныстарын, түрмелерді, түзету еңбек лагерьлері мен колонияларды құру арқылы шешілді. Қазақ ұлтының дәстүрлі құрылымына алғашқы соққы 20-жылдардың аяғында «бай-батшаларды» қудалау саясатынан бастау алды. Бұл саясаттың соңы «антикрестьяндық» репрессияларға ұласты, 696 шаруашылық конфискацияланды, оның ішінде 619-ы жер аударылып, елден қуылды. Ұжымдастыру кезеңінде байлардың жалпы шаруашылықтарға қатынасы 3-5%-ын жою көзделді. Шын мәнісінде Қазақстанның көптеген өңірлерінде бұл мөлшерде байлар мен кулактар табылмады, сондықтан дәулетті және орташа шаруашылықтар да жойыла бастады. Тек 1930-1931 жылдары айдалған байлар мен кулактардың саны 6765 адамға жетті. 1929-1933 жылдар аралығында 9805 іс қаралып, 22933 адамға қатысты шешім шықты. Оның ішінде 3386 адам ату жазасына кесілді, 13151 адам 3-10 жылға дейін концлагерьлерге қамалды (Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33 гг. Сборник документов и материалов, 1998). Қазақ шаруашылығына ең үлкен соққы көшпелі және жартылай көшпелі малшыларды отырықшылыққа күштеу саясаты болды, нәтижесінде ұзақ жылдар бойы әлеуметтік-мәдени эволюция барысында қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы қоғамының шаруашылық құрылымдары бұзылып, өзгеріске ұшырады, ал олар сол индустриалдық революцияға дейінгі даму деңгейінде Қазақстанның территориясында ең тиімді шаруашылық-мәдени қызмет түрі болатын. 1932 жылдың ақпанына қарай Қазақстанда 87% колхозшылар мен 51,8% жалдамалы шаруашылықтар малдарынан түгелдей айрылды. Колхоз фермаларында жиналған малдарға азық табылмай өліп жатты. Осының салдарынан мал шаруашылығына теңдесі жоқ зиян келді. Мысалы, 1928 жылы республикада 6509 мың бас ірі қара мал болса, 1932 жылы тек 965 мың бас қалды; 18566 мың қойдан 1932 жылдың аяғында соғыс басталар алдында 1386 мың бас қалды; 1928 жылы 3516 мың бас жылқыдан 1941 жылға дейін тек 885 мың бас қалды; 1042 мың бас түйеден 1935 жылға дейін 63 мың бас қана қалды, салдарынан Қазақстан тарихындағы үлкен трагедия – 1931-1933 жылдардағы жұт болды (Голод в казахской степи: (Письма тревоги и боли), 1991). 1930-1936 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының саны ҚР халық шаруашылығы есебін жүргізу басқармасы әзірлеген мәліметтер бойынша: 1930 ж. – 5873,0 мың адам, 1931 ж. – 5114,0 мың адам, 1932 ж. – 3227,0 мың адам, 1933 ж. – 2493,5 мың адам, 1934 ж. – 2681,8 мың адам, 1935 ж. – 2926 мың адам, 1936 ж. – 3287,9 мың адам болды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумының комиссиясы мәліметтері бойынша, аштық пен оған байланысты эпидемиялар, сондай-ақ үнемі жоғары деңгейде болған өлім-жітімнің салдарынан қазақ халқы 2 миллион 200 мың адамнан айрылды, яғни халықтың жалпы санының 49%-ын жоғалтты (Козина, 2007).

Жалпы бұл кезеңді шартты түрде екі этапқа бөлуге болады: 1-этап – 1917-1959 жылдар, қазақтардың өз Республикасында азшылыққа айналған кезеңі; 2-этап – 1959-1990 жылдар, қазақтардың үлесі біртіндеп 40%-ға жеткен, саны жағынан ең көп ұлтқа айналды. 1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағының нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан халқы өте қысқа мерзім ішінде жоғары сауаттылық деңгейіне жеткен елге айналды: 9-49 жас аралығындағы сауатсыз халықтың үлесі тек 3,1%-ды құрады. Қазақстан халқының әр 1000 адамына 12 адам жоғары білімді, 239 адам аяқталмаған жоғары білім, орта білім және толық емес орта білім алғандар болды. 1939-1959 жылдар аралығында Қазақстандағы жоғары білімді адамдардың саны 4 есе, аяқталмаған жоғары білім, орта білім және толық емес орта білім алғандар саны 6 есе өсті (Козина, 2007).

Келесі 30 жылда Қазақстанның демографиялық дамуының негізгі тенденцияларын 1970, 1979 және 1989 жылдардағы халық санағы көрсетті. Бұл кезеңде Қазақстанның көп салалы индустриясы мен ірі халықшаруашылық міндеттері шешілді. Осы жылдары Қазақстан халқының жалпы саны 78%-ға өсті, ал Кеңес Одағы бойынша халық санының өсуі орташа есеппен 37%-ды құрады. Республика халқының ең жоғары өсуі 60-шы жылдарға сәйкес келеді, кейін өсім қарқыны тұрақты түрде төмендеді. Мысалы, 1959-1969 жылдар аралығында халықтың жылдық орташа өсу қарқыны 3,1%-ды құрады; 1970-1978 жылдары – 1,4%; 1979-1988 жылдары – 1,2% (Козина, 2007);

IV кезең – қазіргі кезең. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында, мемлекет құраушы қазақ ұлтының үлесі 40%-дан 63%-ға дейін артты, сонымен қатар олар бүкіл халықтың этнодемографиялық, әлеуметтік және миграциялық сипаттамаларын анықтау құқығын қайтадан алды. Бұл кезеңді де шартты түрде екі этапқа бөлуге болады: 1-этап – 1991-1999 жылдар, қазақтардың ел халқының жартысынан астамын (53,4%) құраған кезең; 2-этап – 1999-2010 жылдар, қазақтардың өз мемлекетінің халқының басым бөлігін (63,7%) құраған кезеңі;

4) *тілдердің атқаратын барлық коммуникативтік қызмет түрінің жалпы санына шаққандағы әрбір тілдік құрылым жүзеге асыратын коммуникативтік қызмет саны, яғни тілдік құрылымдардың салыстырмалы коммуникативтік қуаты*

Кеңестік кезең типі

Тілдік жағдаяттағы *тілдік құрылымдардың коммуникативтік қуаты теңгерімсіз*: орыс тілінің қуаты қазақ тілінен әлдеқайда артық. Орыс тілі қоғам өмірінің барлық саласында қолданылды, қазақ тілі әсіресе басқаруда, ақпарат тарату, білім беру мен техникалық-жаратылыстану ғылымында ішінара, кейбір салада мүлде қолданылмады (Уәлиұлы, 2008).

Тәуелсіздік кезең типі

Тілдік жағдаяттағы *тілдік құрылымдардың коммуникативтік қуаты теңгерімсізден гөрі теңгерімді сипатқа жақындап келеді*: қазақ тілі қоғамның барлық саласында кеңінен қолданыла бастады, алайда басқару жүйесі, ақпарат тарату мен техникалық-жаратылыстану білім мен ғылымда орыс тілінің қуаты артық. Дегенмен қазақтілділердің демографиялық базасының күшеюіне байланысты қоғам тарапынан қазақ тілінің қолданыс кеңістігін кеңейту мен сапасын арттыруға деген сұраныс тұрақты түрде ұлғайып келеді.

Социолінгвистикалық параметрлер әрбір тілдің коммуникациялық қуаты, көлемі және оның құрылымымен анықталады. Коммуникация көлемі мен құрылымы келесі көрсеткіштерге тәуелді (сандық көрсеткіш): 1) осы тілде сөйлейтін адамдардың саны; 2) осы тілде сөйлейтін этностардың саны; 3) осы тілді қолданатын елдердің саны; 4) тілді қолданатын қоғамдық функциялар мен әлеуметтік салалардың құрамы (әр ел бойынша). Коммуникация көлемі әлем тілдері арасында теңгерімсіз. Сиэтл университетінің (АҚШ) мәліметі бойынша, 1995 жылы әлемде ең көп таралған 13 тілде 5 миллиард адамнан 75%-ы сөйлеген, ал 25 тілде – 90%-дан астамы сөйлеген. Сиэтл университетінің деректеріне сәйкес орыс тілінде әлемде 284 млн адам сөйлеген (Мечковская, 2001).

Кесте 2 – Өртүрлі дереккөздердегі орыс тілінде сөйлейтін адамдардың саны

Таблица 2 – Разные источники о числе говорящих на русском языке

Table 2 – The number of people speaking Russian according to different sources

Дереккөздер	Орыс тілінде сөйлейтін халықтың саны	
	Бұрынғы Совет үкіметі кезінде (СССР)	Әлемде
Брук 1986, 150 (1979 жылғы халық санағы бойынша)	153,5 млн адам ана тілі деп есептейді. 241,8 млн адам «жақсы меңгерген»	мәліметтер берілмеген
ЛЭС 1990, 429 (1979 жылғы халық санағына сілтеме бере отырып)	184 млн (1979 жылғы халық санағына сілтеме бере отырып)	250 млн
Орыс тілі 1997, 438 (1989 жылғы халық санағы бойынша)	КСРО бойынша – 163,5 млн адам, Ресейде – 143, 7 млн адам.	250 млн «белгілі бір дәрежеде орыс тілін меңгерген»

Ethnologue.com сайтының берген мәліметіне қарағанда Қазақстанда қазақ тілінде сөйлермен саны – 13 800 000 адам. Этникалық қазақтардың саны – 13 500 000 адам. Қазақстаннан тыс, әлем бойынша қазақ тілінде сөйлермен саны – 16 517 990 адам. Оның ішінде

ана тілі ретінде қолданушы саны – 16 382 990, екінші тіл ретінде пайдаланушы саны – 135 000 адам (<https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>);

5) *тілдердің заңдық мәртебесі, яғни арақатынасының мемлекеттік тұрғыдан регламенттелу сипаты*

Кеңестік кезең типі

Тілдік жағдаятты құраушы тілдердің *заңдық мәртебесі әртүрлі*:

- орыс тілі – КСРО ресми тілі (ескертетін жайт: Қазақстан территориясында ресми құжатпен бекітілмегенмен, ресми құрылымдардың талабымен қатаң жүзеге асты);

- қазақ тілі КСРО мүше елінің жергілікті тілі, басқа тілдерді ресми бекітілген мәртебе болған жоқ.

Тәуелсіздік кезең типі

Тілдік жағдаятты құраушы тілдердің *заңдық мәртебесі әртүрлі, бірақ алдыңғы кезеңнен өзгерді*:

- қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша мемлекеттік тіл;

- орыс тілі Конституция бойынша ресми қарым-қатынаста мемлекеттік тілмен қатар қолданыла алатын тіл. Басқа тілдерде ресми бекітілген мәртебе жоқ.

Қазақстанда ҚР Конституциясы, Тіл саясаты туралы тұжырымдама, Тілдер туралы заң т.б. мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған, сонымен қатар тілді жетілдіруге және нормалауға қатысты іс-шаралар жүргізілуде. Тіл саясатының бағыттарын реттейтін Қазақстандағы тіл туралы заңдар мен өзге де нормативті құжаттардың ұстанымдық ерекшелігі – олардың көпсубъектілік сипаты, өйткені заңдар арқылы тек негізгі ұлт тілін ғана емес, сонымен қатар орыс тілін, Қазақстандағы басқа да тілдерді реттеу тәртібі бекітіледі (Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі, 2020).

Қазақ тілін жандандырудың алғашқы қадамы 1989 жылдың 22 қыркүйегінде жасалды. Қазақ ССР-ы тұңғыш «Тіл туралы» заң қабылдады. Алғаш рет қазақ тіліне «Мемлекеттік тіл» мәртебесі, орыс тіліне «Ұлтаралық қарым-қатынас тілі» мәртебесі берілді. Конституциялық Кеңес қазақ және орыс тілдерінің мәртебелерін өз кезегінде бірнеше рет түсіндірді. Алғашқы түсіндіру 1997 жылы «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы» заңын қабылдаған кезеңде жүзеге асты, нәтижесінде ҚР Конституциясының талаптарына қайшы келетін нормалар күшін жойды. 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар жиі жасалғанын айта кетуіміз керек (2004 ж., 2006 ж., 2007 ж., 2008 ж., 2011 ж., 2012 ж., 2014 ж., 2015 ж., 2017 ж., 2021 ж., 2022 ж.). Соңғы өзгертулер мен түзетулер 2023 жылы қабылданды. Бұл тіл саласындағы мемлекеттік саясаттың белсенділігін және елдегі тілдік жағдаяттың өзгермелі сипатын көрсетеді.

Осылайша, Қазақстанда мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесі мен мемлекеттік тілге сұранысты арттыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған;

б) *тілдік жағдаятты құраушы тілдердің генетикалық жақындық деңгейі*

Кеңестік кезең типі

Тілдік жағдаятты құраушы тілдердің *генетикалық жақындық деңгейі аралас*:

- коммуникативтік қуаты басқаларынан күшті орыс тілі (славян тобы) мен қазақ тілі (түрік тобы) – гетерогенді тілдер;

- қазақ тілі мен коммуникативтік қуаты әлсіз диаспора тілдерінің ішінде славян тобына жататындармен туыстығы да гетерогенді, алшақ. Бұл гетерогенді диаспора өкілдерінің саны гомогенді түркі диаспора өкілдері санынан әлдеқайда артық болды;

Тәуелсіздік кезең типі

Тілдік жағдаятты құраушы тілдердің *генетикалық жақындық деңгейі аралас*:

- коммуникативтік қуаты басқаларынан күшті қазақ тілі (түрік тобы) мен орыс тілі (славян тобы) – гетерогенді тілдер;

- қазақ тілі мен коммуникативтік қуаты әлсіз диаспора тілдерінің ішінде славян тобына жататындармен туыстығы гетерогенді, алшақ;

- қазақ тілі мен түркі тілдері тобына жататындармен (өзбек, ұйғыр, қырғыз т.б.) гомогенді жақын. Бұл гетерогенді диаспора өкілдерінің саны гомогенді түркі диаспора

- қазақ тілі мен түркі тілдері тобына жататын (өзбек, ұйғыр, қырғыз т.б.) тілдермен гомогенді, жақын.

өкілдері санынан әлдеқайда кеміді;

- Қазақстан кеңістігінде әлемдік тілдердің ішіндегі ағылшын тілінің позициясы күшейді, бұл тіл де қазақ тілімен гетерогенді қатынаста.

Диаспоралардың қалыптасу мен даму үдерісі Қазақстан тарихының күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл, бір жағынан, отаршылдыққа дейінгі, отаршылдық және кеңестік кезеңдердегі тарихи жағдайларды көпқырлы зерттеумен байланысты болуы мүмкін. Совет Одағында түркілік диаспора салыстырмалы түрде шағын азшылықты құрады. Совет үкіметінің соңғы халық санағында түркілік диаспора саны – 207 512 көрсетілген, алайда мұнда барлық этникалық түркілер есепке алынбаған болуы мүмкін, себебі көптеген жылдар бойы түркілердің этникалық тегін заңды құжаттарда тіркеу құқығы болмады (Дробичева, Геттемюллер, Келлехер, 1998). Кеңестік санақтарды жүргізу кезінде көптеген олқылықтар мен нақты статистиканы бермеу, бұрмалау әдістері қолданылды. Оған себеп: «социалистік ұлттар мен ұлыстарды қалыптастыру» үдерісі жүрді. В.И. Беликов этнодемографиялық статистиканы талдай отырып, бұрынғы КСРО халықтарын ресми және бейресми мәліметтерге негізделген бірнеше топқа бөледі. Бейресми топтарға жарнамаланбаған, еленбейтін, жасырын және қалаусыз халықтарды жатқызды (Беликов, 1997);

7) *ағымдағы тілдік жағдаятта беделді тілдің этникалық шығу тегі: автохтонды, яғни жергілікті халықтың ана тілі немесе импортталған тіл*

Кеңестік кезең типі

Экzogлоссиялық сипатта: импортталған, бөгде тіл беделді тіл болып табылады, ол автохтонды тілдің этномәдени қауымдастығы территориясына сырттан келген этностың тілі.

Тәуелсіздік кезең типі

Экzogлоссиялық сипатта, бірақ эндоглоссиялық үдерістердің күшею тенденциясы бар: импортталған беделді тіл орнын қоғамның барлық саласында автохтонды тіл басып келеді, импортталған тілдің өз этносының саны аз, алайда ол тілде сөйлейтін өзге этнос, әсіресе қазақтар өкілдері есебінен коммуникативтік қуаты көп салада сақталып отыр.

2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша, Қазақстандағы қазақ ұлтының саны – 11 906 894 адам, оның ішінде 7 550 482-і – қазақтілділер, 45 240-і болса қазақ тілін мүлде білмейді. Қазақстаннан тыс, әлем бойынша қазақ тілінде сөйлеушілердің жалпы саны – 16 517 990 адам, оның ішінде ана тілі ретінде – 16 382 990 адам, екінші тіл ретінде – 135 000 адам қолданады. Еліміздегі этникалық орыс диаспорасының саны – 2 821 660 адам, оның ішінде 708 069 адам қазақ тілін біледі, 262 389-ы күнделікті коммуникацияда қолданады, 2 113 591-і мүлдем білмейді. Әлем бойынша орыс тілінде сөйлеушілердің саны – 254 997 130 адам, оның ішінде ана тілі ретінде – 146 954 150 адам, екінші тіл ретінде – 107 987 980 адам қолданады. Өзбектер – 532 663 адам, оның ішінде 383 322-і қазақ тілін біледі, 252 331-і күнделікті коммуникацияда қолданады, 149 341-і мүлдем білмейді. Ұйғырлар – 260 414 адам, оның ішінде 186 661-і қазақ тілін біледі, 118 271-і күнделікті қолданады, 73 753-і білмейді. Басқа ұлттар ұлтын көрсетпегендерді қоса алғанда 541 024 адам, оның 261 031-і қазақ тілін біледі, 279 993-і білмейді. Көрсетілген этностар ішінде қазақша оқып, жаза білетіндердің үлесі – 2,9%-ды құрайды (2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары);

8) *социумның бірге қолданылып отырған тілдерді бағалауы: беделі әртүрлі, беделі салыстырмалы түрде бірдей*

Кеңестік кезең типі

Диглоссиялық жағдай, яғни беделі әртүрлі тілдер тілдік жағдаятты құрайды.

Тәуелсіздік кезең типі

Диглоссиялық жағдай, яғни беделі әртүрлі тілдер тілдік жағдаятты құрайды.

XX ғасырдың басындағы Ресей империясында орыс тілі – мемлекеттік тіл әрі этникалық көпшіліктің тілі болды. Басқа тілдер ресми статусқа ие болмады, тек кейбір автономиялардың тілдері ғана ерекшеленді. Мемлекеттік саясат этникалық азшылықты ассимиляциялауды, яғни оларды орыс тілінде сөйлейтін қоғамға қосуды көздеді. Кеңес үкіметі тұсында орыс тілі беделді тіл болды. Орыс тілін білу – жоғарғы білім алуға, кез келген салада жұмыс істеуге, еуропалық мәдениеттің көптеген ғылыми-публицистикалық-көркем шығармаларымен танысуға мүмкіндік берді. Қалалану үдерісі тілдік жылжуға, тілдердің араласуына жағдай жасады, орыс тілін бүкілодақтық лингвафранкаға айналдырды. Қазақ тілі, басқа да КСРО құрамындағы республикалардың титулдық тілдері мәдени іс-шараларда, әдебиетте, театрда қолданылды, бірақ олардың қолданыс аясына қатаң шектеу қойылды. 1936 жылғы конституциямен салыстырғанда, 1977 жылғы Конституцияда ана тілде білім алу «құқығы» сөзі «мүмкіндігі» сөзімен ауыстырылды (Алпатов, 2000).

Тәуелсіздік алғаннан кейін өзім-өзге ұлттық бірегейліктің күшеюі әсер етпей қоймады, қоғамның қазақ тілін бағалауы кеңестік дәуірге қарағанда әлдеқайда артты, қазақ халқының рухани өмірінде жаңа мәдени үдерістер кеңінен өріс алды. Халыққа білім беру, ғылым мен мәдениет дамудың жаңа кезеңіне өтті, бұрынғы Кеңес үкіметі кезеңіндегі партиялық идеология мен саяси қағидалардың әсерінен арылды.

Қорытынды

Тәуелсіздіктің отыз жылында мемлекеттік тілдің саяси, заңнамалық, ғылыми-лингвистикалық, демографиялық базалары күшейтілді. Дегенмен бүгінде қазақ тілінің өміршеңдігіне нұқсан келтіретін қауіптер де жоқ емес: 1) тілдің ұрпақтан-ұрпаққа толығып жеткізілуінің, трансмиссияның әлсіреуі; 2) калькалану, яғни орыс, ағылшын тілдерінің әсерімен тоқырауы; 3) постиндустриалдық қоғам талаптарына сәйкес жаңғыруының баяу өтуі, бірақ бұл әсерлер әрқашан тікелей корреляцияда болмайды. Сырттай қарағанда Кеңес Одағы кезеңіндегі тілдік жағдаятта қазақтілділердің коммуникациясы дәстүрлі белгілерінен алшақтап кеткен, ал тәуелсіздік алғаннан кейін тіл экологиясы әлдеқайда жақсарып, тіл мәдениеті жоғары деңгейдегі сөйлерменнің саны артуы керек, шын мәнінде тілтанушылар жағдаяттың керісінше, кеңестік кезеңдегі тіл иелменінің сөзсаптамасы бүгінгі күнгі сөйлерменнің сөзсаптамасынан әлдеқайда бай, қанық, нормаға сай, дәстүрлі сипаты сақталған, дұрыс болғанын айтып отыр. Бұған себеп:

- кеңестік кезеңде қазақтілді иелмендердің ең көп бөлігі ауылдарда шоғырланды, сондықтан ауылдағы автохтонды тіл иелері импортталған тілдің әсерін қаладағыдай сезінбеді;

- кеңес заманында тілдік жағдаят адамзаттың кітаппен тығыз байланыста болған дәуірінде қалыптасты. Бұл кезеңде қоғамдық сананың бірегейлігіне әсер ететін негізгі фактор кітап болды, әсіресе көркем әдебиет – кеңестік идеологияның күшті насихатшысы ретінде халықтан шыққан жазушылар ерекше мәртебеге ие болды. Олардың шығармалары халыққа түсінікті тілде, яғни ұлттық сөзсаптаммен жазылып, кеңінен таралды;

- тәуелсіздік алғаннан кейін саяси, экономикалық және зияткерлік элита импортталған тіл сөйлермендеріне айналды, бұл қала қазақтарының ана тілден алыстап кеткенін көрсетті, орыс тілінің рөлі инерция қағидасы бойынша әлсірей қоймады;

- әсіресе қалалық қазақтардың жанұясында трансмиссия әлсіреп кетті. Аға буын ана тілде дәстүрлі сөзсаптам нормаларына сай сөйлегенімен, орта жастағылар мүлдем сөйлемеді, ал кейінгі жас ұрпақтың ұлттық тілдегі сөзсаптауы калькаланған, өзгеріске ұшыраған күйде қалып отыр. 2010 жылдан гаджеттер, IT-технологиялар мен компьютерлік технологиялардың дамуы қарқын алған кезеңнен бері дүниеге келген ұрпақ табиғи тілдік ортасы, этникалық тіл иелмендері (орыстар, ағылшындар) болмаса да, тілдері орыс және ағылшын тілінде шығып жатыр. Осындай жаһандық коммуникация құралдары арқылы ақпараттың таралуы, күшті тілдердің бейконтакттілі жолмен өз аясын кеңейтуі, олардың виртуалды кеңістіктегі үстемдігі, сондай-ақ мектептердегі білім беру саясатының Қазақстанда біраз уақыт бойы қазақ-орыс-ағылшын үштілділігі негізінде жүргізілуі сияқты сыртқы факторлар нәтижесінде автохтонды тіл иелерінің жас ұрпағы арасында жартыкеш тілділік көп кездеседі;

- Тәуелсіздік ішкі көші-қон үдерісін күшейтіп, қазақтардың жаппай қалалануына мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта Қазақстандағы қалалық кеңістіктің мәні өзгеріске ұшырады. XXI

ғасырдың соңғы «онжылдығында» қаланың даму векторлары өзгерді. Тарихта алғаш рет республикадағы қала тұрғындарының басым бөлігін қазақтар құрап отыр. Қалаларда «қазақылану» үдерісі қарқын алды. Қазіргі Қазақстанда қалалану үдерісі ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуына, оның ішінде қазақ тілінің қолданыс аясына зор ықпал етуде. Жаңа құбылыстар мен реалийлерге ұлттық тілде атау беру, ақпараттың мол ағынын игеру орыстанған қала қазақтары үшін де, ана тілінде негізінен тұрмыстық деңгейде, ең мықты дегенде кітаби тілдің бір стилінде ғана жетік сөйлейтін дала қазақтары үшін де оңай болған жоқ. Осы себепті, көбінесе импортталған тіл ресурстарына, ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес келмейтін аудармаға, кеңестік кезеңде қалыптасқан калька арқылы жаңалықтарды игеруге көбірек бет бұрылды. Ана тілінің ішкі ресурсы арқылы жаңартпалар жасау үрдісі іске қосылғанымен, бұл тіл иелерінің арасында кеңінен таралуына біраз уақыт қажет болды, нәтижесінде, сөзсаптам өзгеріп, ұлттық және дәстүрлі сипатынан алыстап, тілдік коммуникацияның сапасы төмендеді.

Аталған және біздің назарымыздан тыс қалған басқа да себептерге байланысты бүгінгі күні дәстүрлі немесе қазақы сөзсаптам иелерін жасы ұлғайған қариялардан тауып, қазіргі жастардың тілінде ол бұзылған деп, екеуін қарама-қарсы қою арқылы қазақы сөзсаптам сипаты мен белгілер жүйесін анықтайтын зерттеулер қолға алынды.

Әдебиеттер

- Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. – №7. – 1989. – С. 53-71.
- Алексеев А. Иммиграция в Казахстане (1999-2005 гг.) CAMMIC Working Papers. – №3. – 2008. – С. 2-9.
- Алексеев А. Казахстан в зеркале переписей населения // Население и общество. Информационный бюллетень Центра демографии и экологии человека Института народнохозяйственного прогнозирования РАН. – Москва. – № 47. – 2000.
- Алпатов В.М. 150 языков и политика. 1917-2000. Социоллингвистические проблемы СССР и постсоветского пространства. – 2-е изд. – Москва: КРАФТ, ИВ РАН, 2000. – 224 с.
- Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социоллингвистических терминов. 2-басылымы, өңделген / Сүлейменова Э.Д., Шәмерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Алматы, 2020. – 400 б.
- Беликов В.И. Надежность советских этнодемографических данных // Малые языки Евразии: социоллингвистический аспект. – Москва: МГУ, 1997. – 43 с.
- Бодаухан Қ., Садвақасова Ә. Қазақстанда ішкі көші-қон үрдісін үйлестіру мәселелері // «Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар – ғылыми Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. – Т. I. Ч. 2. – 2020. – Б. 140-144.
- Голод в казахской степи: (Письма тревоги и боли). Сост.: Абдирайымов С., Бухонова И.Н., Грибанова Е.М. и др. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1991. – 208 с.
- Дробижева Л., Геттемюллер Р., Келлехер К. Этнический конфликт в постсоветском мире: тематические исследования и анализ. – Москва, 1998. – 365 с.
- Жиромская В.Б. Всесоюзная перепись населения 1937 г.: Краткие итоги. – Москва: Институт истории СССР АН СССР, 1991. – 239 с.
- Жыл сайын ауылдан қалаға 200 мың қазақстандық көшеді – ҰҰМ (2023) // Halyq Uni электронды порталы (электронды ресурс) <https://halyq-uni.kz/news/15581-zhyl-saiyn-auyldan-kalaga-200-myn-kazakstandyk-koshedi-uem/>
- Кобенко Ю.В. Теория экзоглосии // Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 135 с.
- Козина В.В. Демографическая история Казахстана (конец XIX – нач. XXI вв.): учеб.пос. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007.
- Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрамы, діни нанымдары және тілдерді меңгеруі (2023) / қазақ және орыс тілдерінде / 541 бет. (электронды ресурс) URL: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/107/5zkn34tqn5atonvbhoob28p7ebnrb19/Национальный%20состав,%20вероисповедание%20и%20владевание%20языками%20в%20РК.pdf>
- Мечковская Н.Б. Общее языкознание: Структурная и социальная типология языков: Учебное пособие для студентов филологических и лингвистических специальностей. – 2-е изд. – Москва: Флинта: Наука. 2001. – 312 с.
- Население СССР: По данным Всесоюзной переписи населения 1979 года. – Москва: Политиздат, 1980. – 31 с.
- Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы: «Фонд XXI век. Сост.: Алдажуманов К.С., Каирғалиев М.К., Осипов В.П., Романов Ю.И.; Редкол.: Козыбаев М.К. (гл. ред.) и др.; АН Респ. Казахстан. Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Арх. Президента Респ. Казахстан, Центр. гос. арх. Респ. Казахстан – Алматы, 1998. – 263 с.
- Россия и современный мир. Выпуск 1. – ИНИОН РАН, 1999. – 133 с.
- Словарь социоллингвистических терминов / Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж.; Казах. нац. ун-т им. Аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 168 с. ISBN 9965-12-165-6
- Словарь социоллингвистических терминов. – Москва: Институт языкознания РАН, 2006. – 312 с.

- Смайылов Ә.А. 2009 Жылғы Қазақстан Республикасы халық санағы. Қысқаша қорытындылар. Статистикалық жинақ. – Астана, 2010. – 110 б.
- Сулейменова Ә.Д. Очерк языковой политики и языковой ситуации в Казахстане // Russian Language Journal. Volume 59 Issue 1. – 2009. – С. 21-36.
- Сулейменова Ә.Д., Аканова Д.Х., Аймағамбетова М.М. Biz birgemiz, или Еще раз о диверсификации русского языка в Казахстане. Вестник РУДН. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2021. – Вып. 12. – №1.
- Сулейменова Ә.Д. Выбор языка и корреляции языковой трансмиссии: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 184 с.
- Сулейменова Ә.Д. Язык как ресурс мягкой силы: монография / Казахский нац. ун-т им. Аль-Фараби. – 2-е изд., доп.. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 109-115.
- Темирова Д.М. Динамика изменения языковой ситуации в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия филологическая, №4-5 (128-129). – 2010. – С. 167-170.
- Ұәліұлы Н. Орыс тілінің тұрманы түгел // Ана тілі. – 2008. – № 9.
- Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі // 2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары (электронды ресурс) <https://stat.gov.kz/national/2021/>
- Фазылжанова А.М. Қазақ жазуын жаңғыртудың әлеуметтік тілтанымдық негіздері (тілдік жағдаят және тәуекелдерді басқару). – Алматы: Ел-шежіре, 2020. – 220 б.
- Швейцер А.Д., Никольский Л.Б. Введение в социолингвистику. – Москва: Высшая школа, 1978. – 216 с.
- Földes C. Zur Begrifflichkeit von „Sprachenkontakt“ und „Sprachenmischung“ // Lasatowicz, Maria Katarzyna/Joachimsthaler, Jürgen (Hrsg.). Assimilation – Abgrenzung – Austausch. Interkulturalität in Sprache und Literatur. Frankfurt a.M., Berlin, Bern, Bruxelles, New York, Wien: Lang, 1999 – Oppelner Beiträge zur Germanistik, Bd. 1. <https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>
<https://ranking.kz/reviews/other/poryadka-20-naseleniya-v-rk-vladeyut-kazahskim-russkim-i-anglijskim-yazykami.html?ysclid=m4ux64zr64517496706>

References

- Abylhozhin, Zh.B., Kozybaev, M.K., Tatimov, M.B. (1989) Kazahstanskaja tragedija. Voprosy istorii. No. 7. S. 53-71 [Abylhozhin, Zh.B., Kozybayev, M.K., Tatimov, M.B. (1989) The Tragedy of Kazakhstan. Questions of History. No. 7. P. 53-71.] (in Russian)
- Alekseenko, A. (2008) Immigracija v Kazahstane (1999-2005 gg.). CAMMIC Working Papers. No. 3 S. 2-9. [Alexeyenko, A. (2008) Immigration in Kazakhstan (1999-2005). CAMMIC Working Papers No.3. P. 2-9.] (in Russian)
- Alekseenko, A. (2000) Kazahstan v zerkale perepisej naselenija. Naselenie i obshchestvo. Informacionnyj bjulleten' Centra demografii i jekologii cheloveka Instituta narodnohozjajstvennogo prognozirovaniya RAN. Moskva, No. 47. [Alexeyenko, A. (2000) Kazakhstan in the Mirror of Population Censuses. Population and Society. Information Bulletin of the Center for Demography and Human Ecology of the Institute of National Economic Forecasting, RAS. Moscow, No. 47.] (in Russian)
- Алеуметтік лингвистика терминдерінің соzdигі. Slovar' sociolingvisticheskikh terminov (2020). 2-basylymy, ongdalgen / Sulejmenova Je.D., Shajmerdenova N.Zh., Smagulova Zh.S., Aqanova D.H. Almaty. 400 b. [Dictionary of Sociolinguistic Terms (2020). 2nd Edition, Revised / Edited by S. Suleimenova, N. Zhaimerdenova, Zh. Smagulova, D. Akanova. Almaty. 400 p.] (in Kazakh)
- Alpatov, V.M. (2000) 150 jazykov i politika. 1917-2000. Sociolingvisticheskie problemy SSSR i postsovetского prostranstva. 2-e izd. Moskva: KRAFT, IV RAN, 224 s. [Alpatov, V.M. (2000) 150 Languages and Politics. 1917–2000. Sociolinguistic Problems of the USSR and Post-Soviet Space. 2nd ed. Moscow: KRAFT, IV RAN, 224 p.] (in Russian)
- Belikov, V.I. (1997) Nadezhnost' sovetskih jetnodemograficheskikh dannyh. Malye jazyki Evrazii: sociolingvisticheskij aspekt. Moskva: MGU, 43 s. [Belikov, V. I. (1997) Reliability of Soviet Ethnodemographic Data. Minority Languages of Eurasia: Sociolinguistic Aspect. Moscow: Moscow State University, 43 p.] (in Russian)
- Bodauhan, Q., Sadvaqasova, A. (2020) Qazaqstanda ishki koshi-qon urdisin ujlestiru maseleleri. «Sejfullin oqlary – 16: Zhanga formacijadagy zhastar – gylmy qazaqstannыng bolashagy» attы halyqaralyq gylmy-teorijalyq konferencijasynыng materialdary. T.I, Ch.2 B. 140-144. [Bodaukhan, K., & Sadvakasova, A. (2020) Issues of Coordinating Internal Migration in Kazakhstan. Materials of the International Scientific and Theoretical Conference “Seifullin Readings – 16: Youth of the New Formation – the Scientific Future of Kazakhstan”. Vol. I. Part 2. P. 140-144.] (in Kazakh)
- Drobizheva, L., Gettemjuller, R., Kelleher, K. (1998) Jetnicheskij konflikt v postsovetском mire: tematicheskie issledovaniya i analiz. Moskva. 365 s. [Drobizheva, L., Gettemuller, R., & Kelleher, K. (1998) Ethnic Conflict in the Post-Soviet World: Thematic Research and Analysis. Moscow. 365 p.] (in Russian)
- Fazylzhanova, A.M. (2020) Qazaq zhazuyn zhangyrtudyng aleumettik tiltanymdyq negizderi (tildik zhagdajazhane tauekelderdi basqaru). Almaty: El-shezhire, 220 b. [Fazylzhanova, A.M. (2020) Sociolinguistic Foundations for the Modernization of the Kazakh Script (Language Situation and Risk Management). Almaty: El-Shezhire, 220 p.] (in Kazakh)
- Földes, C. Zur Begrifflichkeit von “Sprachenkontakt” und “Sprachenmischung”. Lasatowicz, Maria Katarzyna/Joachimsthaler, Jürgen (Hrsg.) (1999) Assimilation – Abgrenzung Austausch. Interkulturalität in Sprache und Literatur. Frankfurt a.M., Berlin, Bern, Bruxelles, New York, Wien: Lang. Oppelner Beiträge zur Germanistik, Bd. 1. (in German)
- Golod v kazahskoj stepi: (Pis'ma trevogi i boli) (1991). Sost.: Abdirajymov S., Buhonova, I.N., Gribanova, E.M. i dr.

- Alma-Ata: Qazaq universiteti, 208 s. [Hunger in the Kazakh Steppe: (Letters of Anxiety and Pain) (1991). Compiled by: Abdirayimov S., Bukhonova, I.N., Gribanova, E.M., et al. Almaty: Kazakh University, 208 p.] (in Russian)
- Kobenko, Ju.V. (2010) Teoriya jekzoglossii. Nacional'nyj issledovatel'skij Tomskij politehnicheskij universitet. Tomsk: Izd-vo Tomskogo politehnicheskogo universiteta, 135 s. [Kobenko, Yu.V. (2010) Theory of Exoglossy. National Research Tomsk Polytechnic University. Tomsk: Publishing House of Tomsk Polytechnic University, 135 p.] (in Russian)
- Kozina, V.V. (2007) Demograficheskaja istorija Kazahstana (konec XIX – nach. XX vv.): ucheb.pos. Karaganda: Izd-vo KarGU. [Kozina, V.V. (2007) Demographic History of Kazakhstan (late 19th – early 21st centuries). Karaganda: Publishing House of Karaganda State University.] (in Russian)
- Mechkovskaja, N.B. (2001) Obshhee jazykoznanie: Strukturnaja i social'naja tipologija jazykov: uchebnoe posobie dlja studentov filologicheskix i lingvističeskix special'nostej. 2-e izd. Moskva: Flinta: Nauka, 312 s. [Mechkovskaja, N.B. (2001) General Linguistics: Structural and Social Typology of Languages: A Textbook for Students of Philology and Linguistics. 2nd ed. Moscow: FLINTA: Nauka, 312 p.] (in Russian)
- Naselenie SSSR: Po dannym Vsesojuznoj perepisi naselenija 1979 goda (1980). Moskva: Politizdat, 31 s. [Population of the USSR: Based on the All-Union Population Census of 1979 (1980). Moscow: Politizdat, 31 p.] (in Russian)
- Nasil'stvennaja kollektivizacija i golod v Kazahstane v 1931-33 gg. Sbornik dokumentov i materialov. Almaty: «Fond XIX vek. Sost.: Aldazhumanov K.S., Kairgaliev M.K., Osipov V.P., Romanov Ju.I.; Redkol.: Kozybaev M.K. (gl. red.) i dr.; AN Resp. Kazahstan. In-t istorii i jetnologii im. Ch.Ch. Valihanova, Arh. Prezidenta Resp. Kazahstan, Centr. gos. arh. Resp. Kazahstan. Almaty, 1998. 263 s. [Forced Collectivization and Hunger in Kazakhstan in 1931-33. Collection of Documents and Materials. Almaty: “21st Century Fund”. Compiled by: K. S. Aldazhumanov, M.K. Kairgaliyev, V.P. Osipov, Yu.I. Romanov; Editorial Board: M.K. Kozybayev (Editor-in-Chief) et al.; Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Almaty, 1998. 263 p.] (in Russian)
- Qazaqstan Respublikasyndagy ulttyq quramy, dini nanymy zhane tilderdi menggerui (2023) / qazaq zhane orys tilderinde / 541 bet. (jelektrondy resurs) URL:<https://stat.gov.kz/upload/iblock/107/5zkn34tqn5atonvvhooob28p7ebnrbc19/Nacional'nyj%20sostav,%20veroispovedanie%20i%20vladenie%20jazykami%20v%20RK.pdf> [National Composition, Religious Beliefs, and Language Proficiency in the Republic of Kazakhstan (2023) / In Kazakh and Russian languages. 541 p. URL:<https://stat.gov.kz/upload/iblock/107/5zkn34tqn5atonvvhooob28p7ebnrbc19/Nacional'nyj%20sostav,%20veroispovedanie%20i%20vladenie%20jazykami%20v%20RK.pdf>] (in Kazakh)
- Rossija i sovremennyy mir (1999). Vypusk 1. INION RAN. 133 s. [Russia and the Modern World (1999). Issue 1. INION RAS. 133 p.] (in Russian)
- Shvejcer, A.D., Nikol'skij, L.B. (1978) Vvedenie v sociolingvistiku. Moskva: Vysshaja shkola, 216 s. [Schweitzer, A.D., & Nikolsky, L.B. (1978) Introduction to Sociolinguistics. Moscow: Higher School, 216 p.] (in Russian)
- Slovar' sociolingvističeskix terminov (2002) / Sulejmenova Je.D., Shajmerdenova N.Zh.; Kazah. nac. un-t im. Al'-Farabi. Almaty: Qazaq universiteti. 168 s. ISBN 9965-12-165-6 [Dictionary of Sociolinguistic Terms (2002) / Edited by E.D. Suleimenova, N.Zh. Shaimerdenova; Kazakh National University named after Al-Farabi. Almaty: Kazakh University. 168 p. ISBN 9965-12-165-6] (in Russian)
- Slovar' sociolingvističeskix terminov (2006). Moskva: Institut jazykoznanija RAN, 312 s. [Dictionary of Sociolinguistic Terms (2006). Moscow: Institute of Linguistics RAS, 312 p.] (in Russian)
- Smajylov A.A. (2010) 2009 Zhylgy Qazaqstan Respublikasy halyq sanagy. Qysqasha qorytyndylar. Statistikalyq zhinaq. Astana. 110 b. [Smajylov, A.A. (2010) The 2009 Population Census of the Republic of Kazakhstan. Summary Results. Statistical Collection. Astana. 110 p.] (in Kazakh)
- Sulejmenova, Je.D. (2009) Oчерк jazykovoј politiki i jazykovoј situacii v Kazahstane. Russian Language Journal. Vol. 59 Issue 1. S. 21-36. [Suleimenova, E.D. (2009) Essay on Language Policy and Language Situation in Kazakhstan. Russian Language Journal. Vol. 59, Issue 1. P. 21-36.] (in Russian)
- Sulejmenova, Je.D., Akanova, D.H., Ajmagambetova, M.M. (2021) Biz birgemiz, ili Eshhe raz o diversifikacii russkogo jazyka v Kazahstane. Vestnik RUDN. Serija: Teoriya jazyka. Semiotika. Semantika. Tom.12. No.1. [Suleimenova, E.D., Akanova, D.K., & Aimagambetova, M.M. (2021) "Biz birgemiz" or Another Look at the Diversification of the Russian Language in Kazakhstan. Bulletin of the RUDN University. Series: Language Theory. Semiotics. Semantics. Vol. 12. No.1.] (in Russian)
- Sulejmenova, Je.D. (2016) Vybor jazyka i korreljacii jazykovoј transmissii: monografija / Almaty: Qazaq universiteti. 184 s. [Suleimenova, E.D. (2016) Language Choice and Correlations of Language Transmission: A Monograph. Almaty: Kazakh University. 184 p.] (in Russian)
- Sulejmenova, Je.D. (2018) Jazyk kak resurs mjagkoј sily: monografija / Kazahskij nac. un-t im. Al'-Farabi. 2-e izd., dop.. Almaty: Qazaq universiteti, S. 109-115. [Suleimenova, E.D. (2018) Language as a Resource of Soft Power: A Monograph / Kazakh National University named after Al-Farabi. 2nd ed., supplemented. Almaty: Kazakh University, P. 109-115.] (in Russian)
- Temirova, D.M. (2010) Dinamika izmenenija jazykovoј situacii v Respublike Kazahstan. Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja, №4-5 (128-129). S. 167-170. [Temirova, D.M. (2010) Dynamics of Changes in the Language Situation in the Republic of Kazakhstan. Bulletin of KazNU. Philological Series, No. 4-5 (128-129). P. 167-170.] (in Russian)
- Ualiuly, N. (2008) Orys tilining turmany tugel. Ana tili. No. 9. [Ualiuly, N. (2008) All Elements of the Russian Language Are Intact. Ana Tili. No. 9.] (in Kazakh)
- Ulttyq statistika bjurosy Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi. 2021 zhylgy ulttyq halyq sanagynyng qorytyndylary (jelektrondy resurs) <https://stat.gov.kz/nacional/2021/> [Bureau of National Statistics

of the Republic of Kazakhstan Strategic Planning and Reforms Agency. Results of the 2021 National Population Census. URL <https://stat.gov.kz/national/2021/> (in Kazakh)

Zhiromskaja, V.B. (1991) Vsesojuznaja perepis' naselenija 1937 g.: Kratkie itogi. Moskva: Institut istorii SSSR AN SSSR, 239 s. [Zhiromskaya, V.B. (1991) All-Union Population Census of 1937: Brief Results. Moscow: Institute of History of the USSR, Academy of Sciences of the USSR, 239 p.] (in Russian)

Zhyl sajyn auylдан qalaga 200 myng qazaqstandyq koshedi – UJeM (2023). Halyq Uni jelektrondy portaly (jelektrondy resurs) <https://halyq-uni.kz/news/15581-zhyl-saiyn-auyldan-kalaga-200-myn-kazakstandyk-koshedi-uem/> [Every Year, 200 Thousand Kazakhstanis Move from Villages to Cities – NEA (2023). Halyq Uni Electronic Portal. URL <https://halyq-uni.kz/news/15581-zhyl-saiyn-auyldan-kalaga-200-myn-kazakstandyk-koshedi-uem/>] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.10.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.12.2024.

© Фазылжанова А., Пиязбаева А., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024